


Пәні: Биология

Сыныбы: 9



## Сабақтың тақырыбы:

Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары.



Оқу мақсаттары:

9.2.5.1 - К.Линней мен Ж.Б.Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу.

9.2.5.2 – эволюция ілімінің қалыптасуындағы Ч.Дарвин еңбектерінің ролін түсіндіру.



# Эволюция түсінігі:


1. Тірі ағзалардың тарихи дамуының қайтымсыз үдерісі
2. Биологиялық жүйелердің біртіндеп, артық немесе кем жетілуінің бағытталған үдерісі.
3. Тірі ағзалардың қарапайым формадан едәуір күрделі формаға баяу өзгеру үдерісі.
4. Тірі нысандардың ұзақ уақыт бойы жетілуі.



# Дарвинге дейінгі кезеңде биологияның дамуы




Швед жаратылыс зерттеушісі Карл Линнейді (1707-1778) эволюционистердің маңызды әуелгері деуге болады. Сайып келгенде тірі ағзаларды жүйелеуде осы ғалымның жолы болды. Оның «Табиғат жүйесі» еңбегі 1735 жылы жарыққа шығып, К. Линнейді дүниежүзілік даңққа беледі. Онда өсімдіктер мен жануарлар ағзаларын жіктеудегі негізгі қағидалары сипатталды, сондай-ақ оларды жарыса бағынған жүйелік санаттарға: класс, отряд, туыс және түрлерге бөлді.




# Ж. Б. Ламарктың эволюциялық теориясы

Биологияда XVII ғасырдың өзінде-ақ трансформизм деп аталатын бағыт пайда болды. Трансформистер тіршіліктің өзгергіштігіне, трансформацияға сенді. Жан Жан Батист Ламарк (1744-1829) ең көрнекті трансформист деп есептелді. Ол алғашқы тұтас эволюциялық теория жасады. Оның «Зоология философиясы» (1809) еңбегі биологияда эволюцияның түсініктерінің басымдылығына бағытталған жолда маңызды қадам болды.





# Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы




Чарлз Дарвин «Эволюция не үшін жүреді ?» деген сұраққа жауап беріп, дұрыс эволюциялық ілімді тұжырымдады.


Ч.Дарвиннің жаңалығы биология ғылымының одан әрі даму барысын болжады.

Ч.Дарвин өз теориясының негіздерін « Табиғи сұрыпталу арқылы түрлердің пайда болуы» (1859ж) деген еңбегінде түсіндірді.

Ч.Дарвиннің негізгі еңбегі-эволюцияның басты 3 себебін (қозғаушы күштерін) анық айтты:

- 1.Тіршілік үшін күрес
- 2.Табиғи сұрыпталу
- 3.Тұқымқуалайтын өзгергіштік











# Сәйкес сөздерді таңдай отырып, сөйлемдерді аяқтаңыз

Дарвин бір даралардың көбейіп артына ұрпақ қалдырып,  
екінші даралардың жойылып отыратындығы [ ]  
әсерінен болатынын дәлелдеді.

[ ]

өзгергіштігі бар даралар тіршілік еткен орта жағдайларына  
бейімделіп, ал ондай өзгергіштігі жоқтары жойылып  
отырады.

Организмдердің шексіз көбеюге бейімділігі мен кеңістік  
және тіршілік ресурстарының арасындағы қарама –  
қайшылық [ ]  
туғызады.

Тіршілік үшін күрес, табиғи сұрыпталу, тұқым қуалайтын  
өзгергіштік эволюцияның [ ]  
болып табылады.



# Берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс, ал қайсысы дұрыс емес?

Дұрыс    Дұрыс емес

1. Қоршаған ортаның өзгеруіне сәйкес түрлер де өзгеріске ұшырайды.



2. Дарвин табиғат әлемінде кездейсоқтықтар болмайды деген қорытындыға келді.



3. Адамдар мен бактерияларда ортақ бірнеше ген бар.



4. Адамдар мен саңырауқұлақтардың ортақ алғышарттары бар





Дискриптор:

1. Бос орындарға сәйкес сөздерді қою арқылы термин сөздерді табады.
2. Берілген сөйлемдерді оқып, ақпараттардың дұрыс, дұрыс еместігін белгілейді.



# Кері байланыс





*Назарларыңызға  
рахмет*

